# «EVA Kazakhstan» ЖШС / ТОО «EVA Kazakhstan»

## ЫНТАЛАНДЫРУШЫ ЖАРНАМАЛЫҚ АКЦИЯЛАРДЫ ӨТКІЗУДІҢ БІРЫҢҒАЙ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАРИЯ ОФЕРТА)

## ЕДИНЫЕ ПРАВИЛА ПРОВЕДЕНИЯ СТИМУЛИРУЮЩИХ РЕКЛАМНЫХ АКЦИЙ (ПУБЛИЧНАЯ ОФЕРТА)

| ҚАЗАҚША / КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК | ОРЫСША / РУССКИЙ ЯЗЫК |
|---|---|
| **1. ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ ЖӘНЕ ДЕРЕКТЕМЕЛЕР** | **1. ОРГАНИЗАТОР И РЕКВИЗИТЫ** |
| 1.1. Осы Ережелер (бұдан әрі — «Ережелер») «EVA Kazakhstan» ЖШС өткізетін ынталандырушы жарнамалық акцияларды (бұдан әрі — «Акция») өткізудің бірыңғай тәртібін белгілейді. Нақты Акцияның атауы, мерзімдері, қатысу шарттары, жүлделік қоры және өзге де айнымалы параметрлері осы Ережелерге № 1 Қосымшада (бұдан әрі — «Айнымалы шарттар») айқындалады және оның ажырамас бөлігі болып табылады. | 1.1. Настоящие Правила (далее — «Правила») устанавливают единый порядок проведения стимулирующих рекламных акций (далее — «Акция»), организуемых ТОО «EVA Kazakhstan». Наименование конкретной Акции, сроки, условия участия, призовой фонд и иные переменные параметры определяются Приложением № 1 к настоящим Правилам (далее — «Переменные условия»), являющимся их неотъемлемой частью. |
| 1.2. Акция ұйымдастырушысы: «EVA Kazakhstan» Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі, БСН 251040024051 (бұдан әрі — «Ұйымдастырушы»). Мемлекеттік тіркеу туралы анықтама 2025 жылғы 21 қазандағы № 101000178445652. | 1.2. Организатор Акции: Товарищество с ограниченной ответственностью «EVA Kazakhstan», БИН 251040024051 (далее — «Организатор»). Справка о государственной регистрации № 101000178445652 от 21 октября 2025 года. |
| 1.3. Заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 050061 пошта индексі, Алматы қ., Алатау ауданы, Отрар көшесі, 58-үй. | 1.3. Юридический адрес: Республика Казахстан, почтовый индекс 050061, г. Алматы, Алатауский район, улица Отрарская, дом 58. |
| 1.4. Басшы: Несіпбай Мерейлім Талғатқызы. | 1.4. Руководитель: Несіпбай Мерейлім Талғатқызы. |
| 1.5. Банктік деректемелер: ағымдағы шот (IBAN) KZT: KZ8596502F0020836924, «ForteBank» АҚ Алматы қаласындағы филиалы, SWIFT: IRTYKZKA. Осы деректемелер, оның ішінде осы Ережелердің 10-бөліміне сәйкес ЖТС сомасын өтеу үшін пайдаланылады. | 1.5. Банковские реквизиты: текущий счет (IBAN) в KZT: KZ8596502F0020836924, Филиал АО «ForteBank» в г. Алматы, SWIFT: IRTYKZKA. Указанные реквизиты используются в том числе для возмещения суммы ИПН в соответствии с разделом 10 настоящих Правил. |

| | |
|---|---|
| **2. ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР** | **2. ТЕРМИНЫ И ОПРЕДЕЛЕНИЯ** |
| – «Промокод» — Қатысушыға берілетін немесе жүйе қалыптастыратын, Акцияға қатысу құқығын куәландыратын бірегей код (жазба);<br>– «Қатысу бірлігі» — «Мама Знает» мобильді қосымшасы арқылы сатып алу кезінде жүйе автоматты түрде қалыптастыратын, Промокодқа теңестірілген қатысу жазбасы;<br>– «Толқын» — Айнымалы шарттарда белгіленген жеке тіркеу кезеңі мен жеке ұтысы бар Акция кезеңі;<br>– «Финал» — Акцияның қорытынды ұтысы;<br>– «Негізгі жеңімпаз» — рандомайзер бірінші кезекте таңдаған Қатысушы; | – «Промокод» — уникальный код (запись), выдаваемый Участнику либо формируемый системой, удостоверяющий право участия в Акции;<br>– «Единица участия» — запись об участии, автоматически формируемая системой при покупке через мобильное приложение «Мама Знает», приравненная к Промокоду;<br>– «Волна» — этап Акции с отдельным периодом регистрации и отдельным розыгрышем, установленный Переменными условиями;<br>– «Финал» — итоговый розыгрыш Акции; |

- «Резервтік жеңімпаз» — Негізгі жеңімпаз құқығынан айырылған жағдайда жүлде құқығын алатын, кезектілік тәртібімен анықталған Қатысушы;
- «Сайт» — Айнымалы шарттарда көрсетілген Акцияның ресми сайты;
- «Серіктес» — Ұйымдастырушымен шарттық қатынастардағы ресми сауда серіктесі.

- «Основной победитель» — Участник, выбранный рандомайзером в первую очередь;
- «Резервный победитель» — Участник, определенный в порядке очередности, приобретающий право на приз при утрате права Основным победителем;
- «Сайт» — официальный сайт Акции, указанный в Переменных условиях;
- «Партнер» — официальный торговый партнер, состоящий в договорных отношениях с Организатором.

## 3. АКЦИЯНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ

3.1. Акция **лотерея, ынталандырушы лотерея, тотализатор, азартты ойын немесе пари болып табылмайды** — 2016 жылғы 9 сәуірдегі № 495-V «Лотереялар және лотерея қызметі туралы» ҚР Заңы мағынасында, өйткені:

- Акцияға қатысу ешқандай төлем енгізуді талап етпейді;
- жүлделік қор тек Ұйымдастырушының меншікті қаражаты есебінен қалыптастырылады және Қатысушылардың жарналарының нәтижесі болып табылмайды;
- Акция коммерциялық ұйым (ЖШС) тауарларының өткізуін ынталандыруға бағытталған, бұл оны Заңның 1-бабының 4) тармақшасы бойынша қолданылу аясынан тікелей алып тастайды;
- тауарды кәдімгі бөлшек бағасымен сатып алу қатысу үшін төлем болып табылмайды — тауар Акцияға қатысуға байланыссыз дербес тұтыну құнына ие.

3.2. Акцияны өткізу уәкілетті мемлекеттік органнан рұқсат, лицензия немесе хабарлама алуды талап етпейді.

3.3. Осы Ережелер ҚР Азаматтық кодексінің 395–396-баптарына сәйкес жария оферта болып табылады. Қатысушының Акцияға қатысуға бағытталған әрекеттерді жасауы осы Ережелер мен Айнымалы шарттарды толық және сөзсіз қабылдау (акцепт) болып табылады.

## 3. ПРАВОВОЙ СТАТУС АКЦИИ

3.1. Акция **не является лотереей, стимулирующей лотереей, тотализатором, азартной игрой или пари** в понимании Закона РК «О лотереях и лотерейной деятельности» от 9 апреля 2016 года № 495-V, поскольку:

- участие в Акции не требует внесения какой-либо платы;
- призовой фонд формируется исключительно за счет собственных средств Организатора и не является следствием взносов Участников;
- Акция направлена на стимулирование продаж товаров коммерческой организацией (ТОО), что прямо исключает ее из сферы применения Закона (пп. 4) ст. 1);
- приобретение товара по обычной розничной цене не является платой за участие — товар имеет самостоятельную потребительскую ценность независимо от участия в Акции.

3.2. Проведение Акции не требует получения разрешения, лицензии или уведомления уполномоченного государственного органа.

3.3. Настоящие Правила являются публичной офертой в соответствии со статьями 395–396 Гражданского кодекса РК. Совершение Участником действий, направленных на участие в Акции, является полным и безоговорочным принятием (акцептом) настоящих Правил и Переменных условий.

## 4. МЕРЗІМДЕР МЕН АУМАҚ

4.1. Акцияның өткізілу кезеңі, толқындар кестесі және ұтыс күндері Айнымалы шарттарда айқындалады.

4.2. Акция Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында жүргізіледі және ҚР аумағында тұрақты тұратын тұлғаларға ғана арналған.

## 4. СРОКИ И ТЕРРИТОРИЯ

4.1. Период проведения Акции, график волн и даты розыгрышей определяются Переменными условиями.

4.2. Акция проводится на всей территории Республики Казахстан и адресована

исключительно лицам, постоянно проживающим на территории РК.

4.3. Тіркеу тек Қазақстан Республикасы байланыс операторларының абоненттік нөмірлерін (+7) пайдалана отырып жүзеге асырылады. Шетелдік операторлардың нөмірлерінен тіркелген промокодтар Акцияға қатысуға қабылданбайды.

4.3. Регистрация осуществляется исключительно с использованием абонентских номеров операторов связи Республики Казахстан (+7). Промокоды, зарегистрированные с номеров иностранных операторов, к участию в Акции не принимаются.

## 5. АКЦИЯҒА ҚАТЫСУШЫЛАР

5.1. Акцияға қатысушылар — ҚР азаматтары немесе ҚР-да тұрақты тұруға рұқсаты бар, ҚР аумағында тұрақты тұратын, қатысу сәтінде 18 жасқа толған, осы Ережелер мен Айнымалы шарттарда көзделген қатысу шарттарын дербес орындаған әрекетке қабілетті жеке тұлғалар (бұдан әрі — «Қатысушылар»).

5.2. Қатысуға тек жеке, отбасылық және тұрмыстық мұқтаждықтар үшін, кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес өнімді сатып алу жағдайында рұқсат етіледі.

5.3. Акцияға қатысуға құқығы жоқтар:

- Ұйымдастырушының қызметкерлері, олардың отбасы мүшелері және серіктестері;
- Ұйымдастырушының мүдделерін білдіретін тұлғалар;
- Ұйымдастырушымен аффилирленген тұлғалар, Акцияны ұйымдастыруға тартылған үшінші тұлғалардың қызметкерлері, өкілдері және олардың отбасы мүшелері;
- ҚР-да тұрақты тұруға рұқсаты жоқ азаматтығы жоқ тұлғалар мен шетел азаматтары;
- 18 жасқа толмаған тұлғалар.

5.4. Акцияға қатысу **тек жеке сипатта болады.** Промокодты үшінші тұлғаларға беруге немесе басқа тұлғаның мүддесінде тіркеуге тыйым салынады және бұл тіркеу нәтижесін жарамсыз деп тану үшін негіз болып табылады. Ұйымдастырушы Қатысушылар мен үшінші тұлғалар арасындағы жеке келісімдер үшін жауапкершілік көтермейді.

## 5. УЧАСТНИКИ АКЦИИ

5.1. Участниками Акции являются дееспособные физические лица — граждане РК либо лица, имеющие вид на жительство в РК, постоянно проживающие на территории РК, достигшие 18 лет на момент участия, самостоятельно выполнившие условия участия, предусмотренные настоящими Правилами и Переменными условиями (далее — «Участники»).

5.2. Участие допускается исключительно при приобретении продукции для личных, семейных и бытовых нужд, не связанных с осуществлением предпринимательской деятельности.

5.3. Не вправе принимать участие в Акции:

- работники Организатора, члены их семей и партнеры Организатора;
- лица, представляющие интересы Организатора;
- аффилированные с Организатором лица, работники и представители третьих лиц, привлеченных к организации Акции, и члены их семей;
- лица без гражданства и граждане иностранных государств без вида на жительство в РК;
- лица, не достигшие 18 лет.

5.4. Участие в Акции является **строго личным.** Передача Промокода третьим лицам, а также регистрация в интересах другого лица не допускается и является основанием для аннулирования результата регистрации. Организатор не несет ответственности за частные договоренности между Участниками и третьими лицами.

## 6. АКЦИЯҒА ҚАТЫСУ ТӘРТІБІ

6.1. Қатысу үшін Қатысушы Акция кезеңінде Айнымалы шарттарда белгіленген көлемде және ассортиментте өнімді сатып алуы және мына тәсілдердің бірімен қатысуды ресімдеуі тиіс:

## 6. ПОРЯДОК УЧАСТИЯ В АКЦИИ

6.1. Для участия Участнику необходимо в период проведения Акции приобрести продукцию в объеме и ассортименте, установленных Переменными условиями, и оформить участие одним из следующих способов:

**6.2. 1-тәсіл. «Мама Знает» мобильді қосымшасы арқылы.** Қосымшада белгіленген көлемде тапсырыс ресімдеу кезінде қатысу автоматты түрде ресімделеді: «орындалды» мәртебесіндегі тапсырыс деректері негізінде жүйе Қатысу бірлігін қалыптастырады. Қосымша тіркеу талап етілмейді. Тапсырысты ресімдей отырып, сатып алушы осы Ережелермен танысқанын растайды. Сатып алушы қолдау қызметіне хабарлама жіберу арқылы қатысудан бас тартуға құқылы.

**6.3. 2-тәсіл. Ресми Серіктестер арқылы.** Белгіленген көлемде сатып алу кезінде Қатысушы Серіктестен Промокод алады және оны Сайтта тіркейді. Қолма-қол ақшамен төлеген кезде Промокод Серіктестен тікелей алынады; бұл ретте сатып алу чегін Акция аяқталғанға дейін сақтау қажет.

**6.4. 3-тәсіл. Дүкендер мен дәріханалар арқылы.** Белгіленген көлемде сатып алуды растайтын фискалдық чекті Сайтқа жүктеу арқылы Қатысушы Промокод алады және оны тіркейді. Чек анық және оқылатын болуы, тауардың атауын, чектегі QR-кодты және сатып алу сомасын қамтуы тиіс.

6.5. Аударым арқылы төлеген жағдайда сатып алуды растау ретінде мыналар қабылданады: аударым туралы чек, Серіктеспен хат алмасудың скриншоттары және тауардың фотосуреті. Аталған материалдарды Акция аяқталғанға дейін сақтау қажет — олар тексеру кезінде талап етілуі мүмкін.

6.6. Ұйымдастырушы Қатысушыдан сатып алу фактісін растайтын құжаттарды сұратуға құқылы. Растауды белгіленген мерзімде ұсынбау жүлдені Резервтік жеңімпазға беруге алып келеді.

6.7. Тауар кәдімгі бөлшек бағасымен өткізіледі. Тауар бағасы Акцияны өткізуге байланысты өсірілмейді. Промокодты тіркегеннен кейін тауарды қайтару тиісті Промокодтың жарамсыз деп танылуына алып келеді.

**6.2. Способ 1. Через мобильное приложение «Мама Знает».** При оформлении заказа в установленном объеме участие оформляется автоматически: на основании данных заказа со статусом «выполнен» система формирует Единицу участия. Дополнительная регистрация не требуется. Оформляя заказ, покупатель подтверждает ознакомление с настоящими Правилами. Покупатель вправе отказаться от участия, направив уведомление в службу поддержки.

**6.3. Способ 2. Через официальных Партнеров.** При покупке в установленном объеме Участник получает Промокод у Партнера и регистрирует его на Сайте. При оплате наличными Промокод выдается непосредственно Партнером; при этом чек о покупке необходимо сохранять до окончания Акции.

**6.4. Способ 3. Через магазины и аптеки.** Загрузив на Сайт фискальный чек, подтверждающий покупку в установленном объеме, Участник получает Промокод и регистрирует его. Чек должен быть четким и читаемым, содержать наименование товара, QR-код чека и сумму покупки.

6.5. При оплате переводом в качестве подтверждения покупки принимаются: чек о переводе, скриншоты переписки с Партнером и фотография товара. Указанные материалы необходимо сохранять до окончания Акции — они могут быть запрошены при проверке.

6.6. Организатор вправе запросить у Участника документы, подтверждающие факт покупки. Непредоставление подтверждения в установленный срок влечет передачу приза Резервному победителю.

6.7. Товар реализуется по обычной розничной цене. Цена товара не завышается в связи с проведением Акции. Возврат товара после регистрации Промокода влечет аннулирование соответствующего Промокода.

## 7. ПРОМОКОДТАР: ТІРКЕУ, ЛИМИТТЕР, ПАЙДАЛАНУ

7.1. Бір Промокод **бір рет қана тіркеуге жатады.** Қайта тіркеуге жол берілмейді.

7.2. Бір Қатысушыға (бір абоненттік нөмірге) тіркелетін Промокодтардың шекті саны Айнымалы шарттарда белгіленеді. Лимиттен асатын Промокодтарды тіркеу әрекеттері жүйемен автоматты түрде қабылданбайды.

## 7. ПРОМОКОДЫ: РЕГИСТРАЦИЯ, ЛИМИТЫ, ИСПОЛЬЗОВАНИЕ

7.1. Один Промокод **подлежит регистрации только один раз.** Повторная регистрация не допускается.

7.2. Предельное количество Промокодов, регистрируемых одним Участником (на один абонентский номер), устанавливается Переменными условиями. Попытки регистрации

Промокодов сверх лимита автоматически отклоняются системой.

7.3. Тіркелген Промокод мыналарға қатысады: (а) тіркеу кезеңі ішінде тіркелген Толқынның ұтысына; (б) Финалдық ұтысқа. Промокод кейінгі Толқындардың ұтыстарына қатыспайды.

7.3. Зарегистрированный Промокод участвует: (а) в розыгрыше той Волны, в период регистрации которой он был зарегистрирован; (б) в Финальном розыгрыше. В розыгрышах последующих Волн Промокод не участвует.

7.4. Кез келген Толқында жүлде алған Промокод **пайдаланылған болып есептеледі** және кейінгі ұтыстарға, оның ішінде Финалдық ұтысқа қатыспайды. Сол Қатысушының жеңімпаз деп танылмаған өзге Промокодтары осы Ережелерге сәйкес қатысуын жалғастырады.

7.4. Промокод, по которому получен приз в любой из Волн, **считается использованным** и в последующих розыгрышах, включая Финальный, не участвует. Иные Промокоды того же Участника, не признанные выигравшими, продолжают участвовать в соответствии с настоящими Правилами.

7.5. Бір Толқын ішінде бір Қатысушы бір ғана ақшалай жүлде ала алады. Рандомайзер осы Толқында жеңімпаз деп танылған Қатысушының өзге Промокодын қайта таңдаған жағдайда — тиісті жүлде құқығы кезектілік тәртібімен Резервтік жеңімпазға өтеді.

7.5. В течение одной Волны один Участник может получить только один денежный приз. Если рандомайзером повторно выбран иной Промокод Участника, уже признанного победителем в данной Волне, — право на соответствующий приз переходит к Резервному победителю в порядке очередности.

7.6. Промокод лотерея билеті болып табылмайды, ақшалай құны жоқ, сатылмайды, айырбасталмайды және монетизацияға жатпайды.

7.6. Промокод не является лотерейным билетом, не имеет денежной стоимости, не продается, не обменивается и не подлежит монетизации.

7.7. Ұйымдастырушы жалған немесе бұрын пайдаланылған Промокодты тіркеу, белгіленген шектеулерді айналып өту, манипуляциялар немесе өзге де адал емес әрекеттер анықталған жағдайда тіркеу нәтижесін жарамсыз деп тануға құқылы.

7.7. Организатор вправе аннулировать результат регистрации при выявлении регистрации недействительного или ранее использованного Промокода, попыток обхода установленных ограничений, манипуляций или иных недобросовестных действий.

## 8. ЖЕҢІМПАЗДАРДЫ АНЫҚТАУ ТӘРТІБІ

## 8. ПОРЯДОК ОПРЕДЕЛЕНИЯ ПОБЕДИТЕЛЕЙ

8.1. Акция бірнеше Толқын түрінде өткізілуі мүмкін. Толқындар кестесі, әрбір Толқынның тіркеу кезеңдері мен эфир күндері, сондай-ақ жүлделердің Толқындар бойынша бөлінуі Айнымалы шарттарда айқындалады.

8.1. Акция может проводиться в несколько Волн. График Волн, периоды регистрации и даты эфиров каждой Волны, а также распределение призов по Волнам определяются Переменными условиями.

8.2. Ұтыстар **тікелей эфирде** Ұйымдастырушының ресми ресурстарында тіркелген Промокодтардың толық нөмірленген тізімін, рандомайзер экранын және нақты уақыттағы таңдау процесін көрсете отырып өткізіледі.

8.2. Розыгрыши проводятся **в прямом эфире** на официальных ресурсах Организатора с демонстрацией полного пронумерованного списка зарегистрированных Промокодов, экрана рандомайзера и процесса выбора в реальном времени.

8.3. Жеңімпаздар тікелей эфирде **randomus.ru/list** сервисін пайдалана отырып, тіркелген Промокодтардың толық нөмірленген тізімін жүктеу арқылы кездейсоқ таңдау әдісімен анықталады. Сервис таңдаған Қатысушы Жеңімпаз деп танылады. Нәтиже тәуелсіз верификация үшін

8.3. Победители определяются в прямом эфире методом случайного выбора с использованием сервиса **randomus.ru/list** путем загрузки полного нумерованного списка зарегистрированных Промокодов. Участник, выбранный сервисом, признается Победителем.

**random.org** сервисінде қайталанады. Екі сервистің де скриншоттары Ұтыс хаттамасына қосымша ретінде тіркеледі.

8.4. Әрбір жүлде бойынша Комиссия рандомайзерді пайдалана отырып, бір Негізгі жеңімпазды және таңдау кезектілігі тәртібімен кемінде бір Резервтік жеңімпазды анықтайды. Резервтік жеңімпаз мына жағдайларда жүлде құқығын алады: Негізгі жеңімпаз белгіленген мерзімде байланысқа шықпаса; деректерді немесе сатып алуды растауды ұсынбаса; жүлдеден бас тартса; осы Ережелерді бұзса; осы Ережелердің 10-бөліміне сәйкес ЖТС сомасын өтемесе.

8.5. Ашықтықты қамтамасыз ету үшін Ұйымдастырушы Акцияға қатыспайтын кемінде 2 (екі) қызметкерден тұратын Комиссия құрады. Әрбір ұтыс бойынша Хаттама жасалады: күні мен уақыты, Промокодтар тізімі, жеңімпаздарды анықтау әдісі, нәтижелер (негізгі және резервтік жеңімпаздар), эфир жазбасы мен скриншоттарға сілтемелер. Хаттама кемінде 90 (тоқсан) күнтізбелік күн сақталады және уәкілетті мемлекеттік органдардың сұрауы бойынша ұсынылады.

Результат дублируется на **random.org** для независимой верификации. Скриншоты обоих сервисов прилагаются к Протоколу розыгрыша.

8.4. По каждому призу Комиссия с использованием рандомайзера определяет одного Основного победителя и не менее одного Резервного победителя в порядке очередности выбора. Резервный победитель приобретает право на приз в случаях: Основной победитель не вышел на связь в установленный срок; не предоставил данные или подтверждение покупки; отказался от приза; нарушил настоящие Правила; не возместил сумму ИПН в соответствии с разделом 10 настоящих Правил.

8.5. Для обеспечения прозрачности Организатор формирует Комиссию из не менее 2 (двух) сотрудников, не участвующих в Акции. По каждому розыгрышу составляется Протокол: дата и время, перечень Промокодов, метод определения победителей, результаты (основные и резервные победители), ссылки на запись эфира и скриншоты. Протокол хранится не менее 90 (девяноста) календарных дней и предоставляется по запросу уполномоченных государственных органов.

## 9. ЖҮЛДЕЛЕРДІ ТАБЫСТАУ ТӘРТІБІ

9.1. Ұйымдастырушы Жеңімпаздарды анықтаған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде тіркеу кезінде көрсетілген байланыс арналары арқылы Жеңімпазбен байланысады.

9.2. Жеңімпаз хабарлама алған сәттен бастап 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде мыналарды ұсынуға міндетті: тегін, атын, әкесінің атын (болған жағдайда) толық; жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін; ЖСН; банктік деректемелерді (ақшалай жүлде үшін); сатып алуды растауды (сұратылған жағдайда); Жүлдені ресімдеу мен салықтық міндеттемелерді орындауға қажетті өзге де мәліметтерді.

9.3. Ақшалай жүлделер Жеңімпаздың банктік шотына оның деректерін алған сәттен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде аударылады.

9.4. Бас жүлде — автокөлік — Жеңімпаздың деректерін алған және осы Ережелердің 10-бөлімінің талаптары орындалған сәттен бастап 60 (алпыс) күнтізбелік күн ішінде ресми дилерде беріледі. Беру автокөлікті қабылдау-беру актісімен ресімделеді және ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен Жеңімпаздың атына мемлекеттік тіркеумен аяқталады.

## 9. ПОРЯДОК ВРУЧЕНИЯ ПРИЗОВ

9.1. Организатор связывается с Победителем в течение 7 (семи) рабочих дней с даты определения Победителей по каналам связи, указанным при регистрации.

9.2. Победитель обязан в течение 3 (трех) календарных дней с момента получения уведомления предоставить: фамилию, имя, отчество (при наличии) полностью; копию документа, удостоверяющего личность; ИИН; банковские реквизиты (для денежных призов); подтверждение покупки (при запросе); иные сведения, необходимые для оформления Приза и исполнения налоговых обязательств.

9.3. Денежные призы перечисляются на банковский счет Победителя в течение 30 (тридцати) календарных дней с момента получения его данных.

9.4. Главный приз — автомобиль — передается у официального дилера в течение 60 (шестидесяти) календарных дней с момента получения данных Победителя и выполнения требований раздела 10 настоящих Правил. Передача оформляется актом приема-передачи транспортного средства с последующей государственной регистрацией на имя

Победителя в порядке, установленном законодательством РК.

9.5. Жүлдені алу кезінде Жеңімпаз жеке басын куәландыратын құжатты ұсынады және қабылдау-беру актісіне қол қояды.

9.5. При получении Приза Победитель предъявляет документ, удостоверяющий личность, и подписывает акт приема-передачи.

9.6. Жеңімпаз Жүлдеден бас тартқан, деректерді белгіленген мерзімде ұсынбаған, сатып алу фактісін растай алмаған немесе осы Ережелерді бұзған жағдайда — Жүлде құқығы кезектілік тәртібімен Резервтік жеңімпазға өтеді.

9.6. В случае отказа Победителя от Приза, непредоставления данных в установленный срок, невозможности подтвердить факт покупки либо нарушения настоящих Правил — право на Приз переходит к Резервному победителю в порядке очередности.

9.7. Жеңімпаз ҚР заңнамасымен тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, Жүлдені ауыстыруды талап етуге құқылы емес. Ұйымдастырушы кез келген жүлдені оның тұтыну қасиеттерін нашарлатпай тең құнды жүлдеге ауыстыруға құқылы.

9.7. Победитель не вправе требовать замены Приза, за исключением случаев, прямо предусмотренных законодательством РК. Организатор вправе заменить любой приз на иной соразмерной стоимости без ухудшения потребительских свойств.

## 10. САЛЫҚ САЛУ

## 10. НАЛОГООБЛОЖЕНИЕ

10.1. ҚР Салық кодексінің 320, 321, 327, 350 және 351-баптарына сәйкес Акция шеңберінде жеке тұлғалар алатын жүлделер ұтыс түріндегі кіріс ретінде танылады және төлем көзінен 10 (он) пайыз мөлшерлеме бойынша жеке табыс салығымен (ЖТС) салынуға жатады.

10.1. В соответствии со статьями 320, 321, 327, 350 и 351 Налогового кодекса РК призы, получаемые физическими лицами в рамках Акции, признаются доходом в виде выигрыша и подлежат обложению ИПН по ставке 10 (десять) процентов у источника выплаты.

10.2. Ұйымдастырушы Акция шеңберінде берілетін ұтыс түріндегі кірістерге қатысты салық агенті болып табылады және ЖТС-ті есептеуді және бюджетке аударуды ҚР Салық кодексімен белгіленген тәртіпте жүзеге асырады.

10.2. Организатор является налоговым агентом в отношении доходов в виде выигрышей, передаваемых в рамках Акции, и осуществляет исчисление и уплату ИПН в бюджет в порядке, установленном Налоговым кодексом РК.

10.3. Жүлделердің әрбір түрі бойынша ЖТС төлеу тәртібі (Жеңімпаздың есебінен өтеу арқылы не Ұйымдастырушының есебінен) Айнымалы шарттарда айқындалады және Акция басталғанға дейін Қатысушылардың назарына жеткізіледі.

10.3. Порядок уплаты ИПН по каждому виду призов (за счет Победителя путем возмещения либо за счет Организатора) определяется Переменными условиями и доводится до сведения Участников до начала Акции.

10.4. ЖТС-ті Жеңімпаздың есебінен төлеу көзделген жағдайда — Жеңімпаз Жүлдені алғанға дейін тиісті ЖТС сомасын Ұйымдастырушының осы Ережелердің 1.5-тармағында көрсетілген есеп айырысу шотына аударуға міндетті. Ұйымдастырушы түскен соманы салық агенті ретінде бюджетке аударады. Соманы белгіленген мерзімде аудармау Жүлде құқығының Резервтік жеңімпазға өтуіне алып келеді.

10.4. В случае если предусмотрена уплата ИПН за счет Победителя — Победитель обязан до момента получения Приза перечислить соответствующую сумму ИПН на расчетный счет Организатора, указанный в п. 1.5 настоящих Правил. Поступившую сумму Организатор перечисляет в бюджет в качестве налогового агента. Неперечисление суммы в установленный срок влечет переход права на Приз к Резервному победителю.

10.5. ЖТС-ті Ұйымдастырушының есебінен төлеу көзделген жағдайда — ЖТС Ұйымдастырушының меншікті қаражаты есебінен Жүлде құнынан немесе сомасынан ұстап қалмай төленеді, бұл ретте салық агентінің міндеті ҚР Салық кодексінің 351-бабының 5-тармағына сәйкес

10.5. В случае если предусмотрена уплата ИПН за счет Организатора — ИПН уплачивается за счет собственных средств Организатора без удержания из стоимости или суммы Приза, при этом обязанность налогового агента считается исполненной в соответствии с пунктом 5 статьи

орындалды деп есептеледі. Мұндай жағдайда ақшалай жүлделер Айнымалы шарттарда көрсетілген мөлшерде толық көлемде төленеді.

10.6. Жеңімпаз Ұйымдастырушыға ЖСН және салық агентінің міндеттерін орындауға қажетті өзге де мәліметтерді ұсынуға міндетті. Аталған мәліметтерді белгіленген мерзімде ұсынбау Жүлде құқығының Резервтік жеңімпазға өтуіне алып келеді.

10.7. Жеңімпаздың кірісі мен ЖТС сомасы туралы мәліметтер Ұйымдастырушымен салықтық есептілікте (200.00-нысан) ҚР Салық кодексімен белгіленген тәртіпте көрсетіледі.

10.8. Осы бөлімде көрсетілмеген, Жүлдені алуға байланысты Жеңімпазда туындауы мүмкін өзге де салықтар мен міндетті төлемдер Жеңімпазбен дербес төленеді.

351 Налогового кодекса РК. В таком случае денежные призы выплачиваются в полном размере, указанном в Переменных условиях.

10.6. Победитель обязан предоставить Организатору ИИН и иные сведения, необходимые для исполнения обязанностей налогового агента. Непредоставление указанных сведений в установленный срок влечет переход права на Приз к Резервному победителю.

10.7. Сведения о доходе Победителя и сумме ИПН отражаются Организатором в налоговой отчетности (ФНО 200.00) в порядке, установленном Налоговым кодексом РК.

10.8. Прочие налоги и обязательные платежи, не указанные в настоящем разделе и возникающие у Победителя в связи с получением Приза, уплачиваются Победителем самостоятельно.

## 11. ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕР

11.1. Акцияға қатысу фактісі Қатысушының «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» ҚР Заңына сәйкес Ұйымдастырушының Акцияны өткізу, жеңімпаздарды анықтау, жүлделерді табыстау және салықтық міндеттемелерді орындау мақсатында дербес деректерді өңдеуіне еркін, нақты, ақпараттандырылған және саналы келісімін білдіреді.

11.2. «Мама Знает» мобильді қосымшасы арқылы қатысқан кезде Қатысушылар тізімін қалыптастыру үшін тапсырыстар туралы деректер (сатып алу көлемі, күні, байланыс деректері) өңделеді.

11.3. Дербес деректер Акцияны өткізу мақсатында тартылған үшінші тұлғаларға (дилерлер, курьерлік/пошта қызметтері, АТ-мердігерлер, салық органдары) ҚР заңнамасының талаптарын сақтай отырып берілуі мүмкін.

11.4. Жеңімпаздар туралы мәліметтерді (ФАӘ/инициалдары, қала, жүлде) Ұйымдастырушының ресми ресурстарында жариялауға жол беріледі. Қатысушы Акция аясында алынған фото-, бейне- және аудиоматериалдарды сыйақы төлемей жарнамалық мақсатта пайдалануға келісімін береді.

11.5. Қатысушы ДД өңдеуге берген келісімін тіркелген хатпен хабарлама жіберу арқылы кері қайтарып алуға құқылы. Кері қайтарып алу хабарламасын алғаннан кейін Ұйымдастырушы өңдеуді тоқтатады және заңнамалық негіздер болмаса деректерді 90 күн ішінде жояды.

## 11. ПЕРСОНАЛЬНЫЕ ДАННЫЕ

11.1. Факт участия в Акции является свободным, конкретным, информированным и сознательным согласием Участника на обработку Организатором персональных данных в целях проведения Акции, определения победителей, вручения призов и исполнения налоговых обязательств в соответствии с Законом РК «О персональных данных и их защите».

11.2. При участии через мобильное приложение «Мама Знает» для формирования списка Участников обрабатываются данные о заказах (объем покупки, дата, контактные данные).

11.3. Персональные данные могут передаваться третьим лицам, привлеченным для проведения Акции (дилеры, курьерские/почтовые службы, IT-подрядчики, налоговые органы), при соблюдении требований законодательства РК.

11.4. Допускается публикация сведений о Победителях (ФИО/инициалы, город, приз) в официальных ресурсах Организатора. Участник дает согласие на безвозмездное использование фото-, видео- и аудиоматериалов, полученных в рамках Акции, в рекламных целях.

11.5. Участник вправе отозвать согласие на обработку ПД, направив уведомление заказным письмом. После получения уведомления Организатор прекращает обработку и при отсутствии законных оснований уничтожает данные в течение 90 дней.

## 12. ХАБАРДАР ЕТУ ТӘРТІБІ

12.1. Қатысушыларды хабардар ету Айнымалы шарттарда көрсетілген Ұйымдастырушының ресми ақпараттық ресурстарында тиісті ақпаратты орналастыру арқылы жүзеге асырылады. Ақпарат орналастырылған сәттен бастап Қатысушы тиісті тәртіппен хабардар болды деп есептеледі.

12.2. Ұйымдастырушы Ережелерге және Айнымалы шарттарға өзгерістер енгізуге, Акцияны тоқтата тұруға немесе мерзімінен бұрын тоқтатуға ресми ресурстарда хабарлама орналастыру арқылы құқылы. Өзгерістер жарияланған сәттен бастап күшіне енеді.

12.3. Жарнамалық материалдар мен осы Ережелер арасында сәйкессіздіктер болған жағдайда осы Ережелер мен Айнымалы шарттар басым болады.

## 12. ПОРЯДОК ИНФОРМИРОВАНИЯ

12.1. Информирование Участников осуществляется путем размещения информации в официальных информационных ресурсах Организатора, указанных в Переменных условиях. С момента размещения информации Участник считается надлежащим образом уведомленным.

12.2. Организатор вправе вносить изменения в Правила и Переменные условия, приостанавливать или досрочно прекращать Акцию, разместив уведомление в официальных ресурсах. Изменения вступают в силу с момента публикации.

12.3. В случае расхождений между рекламными материалами и настоящими Правилами приоритет имеют настоящие Правила и Переменные условия.

## 13. ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ ШЕКТЕУ

13.1. Ұйымдастырушы мыналар үшін жауапкершілік көтермейді:

- Қатысушылардың осы Ережелермен көзделген міндеттемелерді орындамауы;
- Ұйымдастырушыдан тәуелді емес себептер бойынша хабарламаларды алмау;
- Сайттың, мобильді қосымшаның, байланыс операторларының, рандомайзер сервистерінің техникалық ақаулары;
- Қатысушылардың жалған, толық емес немесе қате деректерді ұсынуы;
- Акцияға қатысуға байланысты Қатысушының кез келген шығыстары;
- еңсерілмейтін күш жағдайлары (форс-мажор).

13.2. Акцияға қатысумен байланысты барлық шығыстарды (интернет, тауар сатып алу, ақпарат алу және т.б.) Қатысушылар дербес өтейді.

13.3. Барлық даулар келіссөздер жолымен, ал келісімге қол жеткізілмеген жағдайда — Ұйымдастырушының орналасқан жері бойынша сот тәртібімен шешіледі.

## 13. ОГРАНИЧЕНИЕ ОТВЕТСТВЕННОСТИ

13.1. Организатор не несет ответственности за:

- невыполнение Участниками обязанностей, предусмотренных настоящими Правилами;
- неполучение уведомлений по причинам, не зависящим от Организатора;
- технические сбои Сайта, мобильного приложения, операторов связи, сервисов рандомайзера;
- предоставление Участниками недостоверных, неполных или ошибочных данных;
- любые расходы Участника, связанные с участием в Акции;
- обстоятельства непреодолимой силы (форс-мажор).

13.2. Все расходы, связанные с участием в Акции (интернет, приобретение товара, получение информации и т.п.), Участники несут самостоятельно.

13.3. Все споры разрешаются путем переговоров, а при недостижении соглашения — в судебном порядке по месту нахождения Организатора.

## 14. ӨЗГЕ ШАРТТАР

14.1. Акцияға қатыса отырып, Қатысушы осы Ережелермен және Айнымалы шарттармен толық

## 14. ПРОЧИЕ УСЛОВИЯ

14.1. Принимая участие в Акции, Участник подтверждает полное ознакомление с

танысқанын және барлық шарттармен ешқандай ескертпесіз келісетіндігін растайды.

настоящими Правилами и Переменными условиями и согласие со всеми условиями без каких-либо оговорок.

14.2. Осы Ережелермен реттелмеген барлық мәселелерде Ұйымдастырушы мен Қатысушылар ҚР қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.

14.2. Во всем, что не урегулировано настоящими Правилами, Организатор и Участники руководствуются действующим законодательством Республики Казахстан.

14.3. Осы Ережелер «Лотереялар және лотерея қызметі туралы» ҚР Заңына (09.04.2016 № 495-V), «Жарнама туралы» ҚР Заңына (19.12.2003 № 508), ҚР Салық кодексіне, «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» ҚР Заңына және ҚР Азаматтық кодексіне (395–396-баптар) сәйкес әзірленген.

14.3. Настоящие Правила разработаны в соответствии с Законом РК «О лотереях и лотерейной деятельности» (09.04.2016 № 495-V), Законом РК «О рекламе» (19.12.2003 № 508), Налоговым кодексом РК, Законом РК «О персональных данных и их защите» и Гражданским кодексом РК (ст. 395–396).

## 15. АКЦИЯНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ ТУРАЛЫ ДЕКЛАРАЦИЯ

Ұйымдастырушы мәлімдейді, ал Қатысушы растайды, осы Акция:

- **«Лотереялар және лотерея қызметі туралы» ҚР Заңының мағынасында ЛОТЕРЕЯ, ынталандырушы лотерея, тотализатор, азартты ойын немесе пари БОЛЫП ТАБЫЛМАЙДЫ;**
- «EVA Kazakhstan» ЖШС коммерциялық ұйым тауарларының өткізуін ынталандыру мақсатында жарнамалық іс-шара шеңберінде жүргізіледі;
- Қатысушылардан қатысу үшін төлем енгізуді ТАЛАП ЕТПЕЙДІ — тауар кәдімгі бөлшек бағасымен сатылады және дербес тұтыну құнына ие;
- жүлделік қор тек Ұйымдастырушының меншікті қаражаты есебінен қалыптастырылады;
- **Бас жүлде Акция басталғанға дейін сатып алынған немесе резервтелген;**
- ҚР заңнамасына сәйкес уәкілетті органнан рұқсат, лицензия немесе хабарлама алуды ТАЛАП ЕТПЕЙДІ.

## 15. ДЕКЛАРАЦИЯ О ПРАВОВОМ СТАТУСЕ АКЦИИ

Организатор заявляет, а Участник подтверждает, что настоящая Акция:

- **НЕ ЯВЛЯЕТСЯ лотереей, стимулирующей лотереей, тотализатором, азартной игрой или пари в понимании Закона РК «О лотереях и лотерейной деятельности»;**
- проводится коммерческой организацией ТОО «EVA Kazakhstan» в рамках рекламного мероприятия в целях стимулирования продаж товаров;
- НЕ предполагает внесения Участниками платы за участие — товар реализуется по обычной розничной цене и имеет самостоятельную потребительскую ценность;
- призовой фонд формируется исключительно за счет собственных средств Организатора;
- **Главный приз приобретен или зарезервирован до начала Акции;**
- НЕ ТРЕБУЕТ получения разрешения, лицензии или уведомления уполномоченного органа в соответствии с законодательством РК.

*Бекіту күні / Дата утверждения: «17» августа 2026 ж./г.*    *Директор: ______________ /Несiпбай М.Т./    М.О./М.П.*

## № 1 ҚОСЫМША / ПРИЛОЖЕНИЕ № 1

Бірыңғай ережелерге / к Единым правилам проведения стимулирующих рекламных акций ТОО «EVA Kazakhstan»

## АКЦИЯНЫҢ АЙНЫМАЛЫ ШАРТТАРЫ / ПЕРЕМЕННЫЕ УСЛОВИЯ АКЦИИ № ___

| | |
|---|---|
| **Акцияның атауы**<br>Наименование акции | **«EVA DRIVE 3.0»** |
| **Өткізу кезеңі**<br>Период проведения | 2026 жылғы 1 қыркүйек — 1 қазан / **с 1 сентября по 1 октября 2026 года** |
| **Өнім және қатысу шарты**<br>Продукция и условие участия | «EVA» тауар белгісінің 6 (алты) орама прокладкасын сатып алу / **Покупка 6 (шести) упаковок прокладок торговой марки «EVA»** |
| **Қатысу арналары**<br>Каналы участия | – «Мама Знает» қосымшасы — автоматты қатысу / приложение «Мама Знает» — участие автоматическое;<br>– ресми Серіктестер — Промокод + Сайтта тіркеу / официальные Партнеры — Промокод + регистрация на Сайте;<br>– дүкендер/дәріханалар — фискалдық чек Сайт арқылы / магазины/аптеки — фискальный чек через Сайт. |
| **Сайт / Қолдау**<br>Сайт / Поддержка | evapads.kz/promo \| Telegram: **@evapads_tech_help** |
| **Лимит**<br>Лимит | Бір Қатысушыға (бір абоненттік нөмірге) — барлық Акция кезеңінде 5 (бес) Промокодтан артық емес / **На одного Участника (один абонентский номер) — не более 5 (пяти) Промокодов за весь период Акции** |
| **Жүлделік қор**<br>Призовой фонд | Бас жүлде / Главный приз: **Hyundai Mufasa 2026 ж./г. — 1 дана/шт.**<br>– Ақшалай жүлде / Денежный приз 100 000 тг — 4 дана/шт.;<br>– Ақшалай жүлде / Денежный приз 50 000 тг — 20 дана/шт.;<br>– Ақшалай жүлде / Денежный приз 25 000 тг — 20 дана/шт. |
| **Толқындар кестесі**<br>График волн | **1-толқын / Волна 1:** тіркеу/регистрация 01.09 — 08.09 12:00; эфир 08.09 17:00; жүлделер/призы: 5×25 000 + 5×50 000 + 1×100 000 тг.<br>**2-толқын / Волна 2:** тіркеу/регистрация 08.09 12:01 — 15.09 12:00; эфир 15.09 17:00; жүлделер/призы: 5×25 000 + 5×50 000 + 1×100 000 тг.<br>**3-толқын / Волна 3:** тіркеу/регистрация 15.09 12:01 — 22.09 12:00; эфир 22.09 17:00; жүлделер/призы: 5×25 000 + 5×50 000 + 1×100 000 тг.<br>**ФИНАЛ:** тіркеу/регистрация 01.09 — 01.10 12:00; эфир 01.10 17:00; жүлделер/призы: 5×25 000 + 5×50 000 + 1×100 000 тг + **Hyundai Mufasa**. Финалға 7.4-т. ескеріле отырып, барлық толқындардың пайдаланылмаған Промокодтары қатысады / В Финале участвуют неиспользованные Промокоды всех волн с учетом п. 7.4 Правил. |
| **ЖТС тәртібі** | **Ақшалай жүлделер / Денежные призы:** толық көлемде төленеді, ЖТС Ұйымдастырушының есебінен (Ережелердің 10.5-т.) / выплачиваются в полном размере, ИПН за счет Организатора (п. 10.5 Правил). |

| | |
|---|---|
| **Порядок ИПН** | **Автокөлік / Автомобиль:** ЖТС Жеңімпаздың есебінен — Ережелердің 1.5-т. көрсетілген шотқа өтеу арқылы (Ережелердің 10.4-т.) / ИПН за счет Победителя — путем возмещения на счет, указанный в п. 1.5 Правил (п. 10.4 Правил). |
| **Ресми ресурстар**<br>**Официальные ресурсы** | Instagram: @evapads.kz \| Сайт: evapads.kz/promo |

*Ескерту / Примечание: Осы Қосымша Бірыңғай ережелердің ажырамас бөлігі болып табылады және әрбір Акция бойынша жеке бекітіледі. Қосымша мен Ережелер арасында қайшылық болған жағдайда осы Қосымша басым болады. / Настоящее Приложение является неотъемлемой частью Единых правил и утверждается отдельно по каждой Акции. При противоречии между Приложением и Правилами приоритет имеет настоящее Приложение.*

*Бекітемін / Утверждаю: Директор «EVA Kazakhstan» ЖШС / ТОО «EVA Kazakhstan»* ________ */Несінбай М.Т./ «17» августа 2026 ж./г. М.О./М.П.*